АКТУАЛЬНО

КАК РЕШАЮТСЯ ПРОБЛЕМЫ КАНАЛИЗАЦИОННЫХ И БЕСХОЗНЫХ СЕТЕЙ В КАРАГАНДЕ

«Ничто так тщательно не рассматривалось, как проекты по канализации»

В акимате Караганды состоялась очередная сессия городского маслихата. На повестке дня стоял вопрос обслуживания и строительства новых канализационных сетей в городе. В работе сессии приняли участие заместитель акима Караганды Кайрат Камзин, заместитель акимов районов города, члены городского Общественного совета, представители государственных органов и компаний-услугодателей.

Первым с докладом выступил Кайрат Камзин. Он рассказал о разработке очень важного для города проекта по строительству канализационных сетей в микрорайоне «Панель-Центр».

- Проект полностью готов, в настоящее время досчитывается его сметная часть, - отметил чиновник. - В первой декаде апреля мы планируем уже загрузиться в госэкспертизу для ее прохождения. Если говорить в общем и кратко по этому проекту, то у канализационной сети спроектирована самотечная часть. Она начинается от «комфортной школы» на 2000 мест, которую построили и ввели в прошлом году в эксплуатацию. Здесь идет начало этой сети. Глубина залегания 2 м, диаметр - 500 мм. Сеть идет до проектируемой КНС (прим. - канализационная насосная станция) в районе Ледового дворца, ее протяженность - 1,3 км. Это самотечная часть, глубина залегания в районе КНС - уже 4,5 м.

Далее спикер рассказал о проектируемой канализационной перекачивающей насосной станции. Ее мощность, по согласованию с ТОО «Караганды Су», составляет 2000 кубических метров.

- Соответственно, проектом предусмотрены четыре погружных насоса марки «Grundfos», - добавил Кайрат Камзин. - Два будут постоянно в работе, два насоса с двигателем будут постоянно в резерве находиться. Мощность каждого насоса - 1000 кубов. Далее с КНС выходит два вывода по 400 мм каждый с переходом односторонней дороги по проспекту Сары-Арка, врезка в списочный коллектор, находящийся на балансе ТОО «Караганды Су», согласно выданных технических условий нашим услугодателем. Общая стоимость проекта в настоящее время - 950 млн тенге. Сейчас посмотрим, что скажет госэкспертиза. Внесет ли какие-то коррективы в сторону уменьшения или увеличения, если какие-то оборудование или работы проектная организация пропустила. Государственная экспертиза будет проводиться 45 рабочих дней.

По его словам, заказчиком проекта выступает Отдел строительства, а проектировкой занимается спонсорская компания «Жилой фонд». То есть средства из бюджета здесь не запрашивались.

- И на летнее уточнение городского бюджета по итогам полугодия мы планируем, что Отдел строительства будет оформлять бюджетную заявку в Отдел экономики и финансов, - говорит замакима города. - Все предложения, которые «Караганды Су» в этот проект внесли, все пожелания услугодателя были здесь проектной компанией учтены. Хочу дополнить, что проектируемая канализационная насосная станция запитана от двух разных трансформаторных подстанций. То есть, соответственно, одна линия основная, вторая - резервная, если вдруг основная подстанция электроснабжения будет прервана. На постоянной комиссии до этой очередной сессии, в принципе, всем членам комиссии все это проектировщик лично приходил и докладывал. Все прошлые замечания депутатов тоже проектом были учтены.

Депутат Толеген Ашимов отметил, что этот вопрос уже неоднократно рассматривался в маслихате.

- По-моему, ничто так тщательно не рассматривалось и на постоянной, и на совместной комиссии, как проекты по канализации, - подчеркнул он. - Я так думаю, там достаточно уже проработано, но все равно какие-то вопросы останутся. Нас интересуют бесхозные сети. По ним на сегодняшний день очень много вопросов.

Народные избранники добавили, что обращения поступают как из образовательных учреждений, так и по новым жилым комплексам. Последние, по их словам, не находятся ни у кого на балансе, тогда как проблема общеизвестная, и депутаты неоднократно об этом говорили. В связи с этим, заместителя акима Караганды попросили рассказать о плане мероприятий на текущий момент с конкретными сроками исполнения.

- Да, этот вопрос постоянно поднимается на всех фактически сессиях, - подтвердил Кайрат Камзин. - Хотелось бы начать с сетей Отдела строительства. Больше всего протяженность у них. Это те сети, которые ранее строились, но на баланс так и не были переданы нашему услугодателю «Караганды Су». В настоящее время отделом строительства вся работа полностью завершена по паспортизации, по регистрации. То есть на все сети даже сделаны все технические паспорта, все перемеры, все регистрацию прошли через наше городское НАО. В итоге вот, как вы видите, в настоящее время оценку Отдел строительства тоже провел.

Как отметил спикер, в ближайшее время все эти сети будут передаваться на баланс услугодателю.

- Механизм отработали, часть пойдет сразу на баланс нашему услугодателю напрямую, часть пойдет через наши Отдел комсобственности и через Отдел коммунального хозяйства, - пояснил он. - Тепловые сети уйдут на баланс «Теплотранзита» в качестве пополнения уставного капитала, а часть пойдет в доверительное управление, чтобы их не грузить, соответственно, имущественным налогом, налогом на землю, которые непосредственно потом могут стать, скажем так, одной из причин увеличения тарифа для населения. Поэтому, скорее всего, большая часть сетей пойдет не в доверительное управление.

По словам чиновника, балансодержателем будет или Отдел госактивов, или Отдел коммунального хозяйства.

- Что касается всех видов сетей, построенных нашими застройщиками, но которые, как все мы знаем, не передаются на баланс ОСИ или КСК, соответственно, то алгоритм мы уже сделали, - подчеркнул Камзин. - Застройщики активно с прошлого года оформляют земельные участки, делают оценку, весь алгоритм мы им передали. Так же и объекты образования, мы их все по договоренности с НАО вводим малыми актами, чтобы было основание. И так же они будут передаваться в городскую коммунальную собственность. В принципе, для себя мы задачу поставили. До начала следующего отопительного сезона всю эту работу завершить. Планируем в скором времени уже итоговое совещание со всеми застройщиками и субъектами бизнеса, мы их всех прекрасно знаем, которые в свое время построили не только МЖД, но и торговые дома и объекты бизнеса у нас, чтобы они закончили всю работу, как я еще раз повторюсь, до начала следующего отопительного сезона.

Затем депутаты заслушали доклады заместителей акимов районов Караганды касательно бесхозных сетей. Замакима района имени • лихан Б • кейхан Нурлан Мажитов рассказал, что здесь с 2022 года были выявлены 22 бесхозные сети.

- Среди них: водопроводные, канализационные, линии электроснабжения и теплоснабжения, - добавил он. - По 10 участкам уже имеется решение и проводятся работы по оформлению правоустанавливающих документов на земельные участки под данные сети. 3 участка были поставлены на учет как бесхозяйное имущество, по 9 участкам проводятся работы по подаче исковых заявлений в суд для признания уже бесхозяйным имуществом. Перед нами стоит задача выявить, поставить на учет и дальше через год принять решение о передаче в коммунальную собственность. По 10 участкам у нас год прошел, в целом сейчас судебные процедуры проводятся. Я думаю, это месяц-два и решение будет, и мы в коммунальную собственность будем передавать. Касательно остальных, там еще сроки не вышли. В смысле здесь год должен быть минимум, после чего мы в суд подаем. И я думаю, что по окончании все эти остальные 12 участков мы так же передадим в коммунальную собственность.

Следом с докладом выступил аким района имени Казыбек би Ералы Оспанов.

- Аппарат акима района в рамках своих компетенций проводит работу по выявлению и постановке на учет бесхозяйных водопроводных, канализационных, тепловых сетей, - отметил спикер. - В 2024 году в НАО поставлены на учет как бесхозное имущество водопроводные сети по улицам Высоковольтная и Джалиля, канализационные сети по улицам - Жамбыла и Университетская. По плану на 2025 год у нас идет передача сетей по улицам Ерубаева, Лободы и Алиханова. Дополнительно выявлены проблемные участки, где сети либо не переданы услугодателю, либо проходят по частным территориям. По последним НАО дает нам отказ, потому что это частные земельные участки. Со всеми застройщиками работа проводится. Также есть предложение по решению проблемы бесхозных сетей. Мы сейчас обязываем жителей совместно с КСК и ОСИ оформлять право собственности и передавать сети в коммунальную собственность на случай банкротства или ликвидации застройщика. Потому что нет отдельного акта, малого акта ввода и кадастрового паспорта, нет технической документации на инженерные сети, застройщиками могут игнорироваться требования закона о передаче сети в коммунальную собственность. Есть

положительная практика. На примере жилых домов, построенных Отделом строительства, видно, что паспортизация инженерных сетей возможна. Например, дома по проспекту Шахтеров, улице Ермекова, в микрорайоне «Астана». Эти сети были переданы услугодателю, что подтверждает необходимость законодательного закрепления данного процесса для всех застройщиков. Отдел строительства отдельно паспортизировал наружные сети, и эти сети получилось поставить на бесхозное имущество и дальше передать в обслуживающую коммунальную собственность.

Также с докладом выступил руководитель Отдела ЖКХ, ПТ и АД Ержан Кокушев. Он рассказал, что общая протяженность канализационных сетей по городу составляет 737 км.

- Из них протяженность главных коллекторов - 133 км, внутриквартальных и уличных коллекторов - 604 км, - обозначил спикер. - Количество насосных станций 12. Общий износ канализационных сетей составляет 82%. За период с 2009 по 2024 годы ТОО «Караганды Су» заменило 146,7 км сетей, что составляет 20% от общей протяженности. На текущий год в рамках инвестиционной программы компания планирует заменить 18,3 км сетей канализации, это 32 улицы, на сумму 2,8 млрд тенге и насосные агрегаты на КНС на сумму 454 млн тенге. Общая стоимость инвестпрограммы «Караганды Су» в этом году составляет 3,3 млрд тенге.

Глава отдела также сообщил о проделанной работе и реализуемых проектах.

- В 2024 году реализован проект по строительству водопроводных и канализационных сетей в поселке Сахалин, - продолжил чиновник. - В рамках данного проекта обустроены водопроводные сети протяженностью 7,7 км и порядка 4,5 км канализации. Данные мероприятия позволили охватить центральной канализацией порядка 370 частных домовладений, это ориентировочно 1100 человек. Также разработаны проекты по реконструкции двух коллекторов. Это реконструкция канализационного коллектора №19 - от улицы Резника 24 до врезки в коллектор №10 - и реконструкция канализационного коллектора по улице Совхозная. Реализация первого проекта позволит обеспечить бесперебойный сбор и отвод сточных вод от порядка 20 тысяч человек микрорайона части Нового города, это район Нефтебазы, Мелькомбинат, Кирзавод 1-2 и улица Волочаевская. Второй позволит обеспечить бесперебойный отвод сточных вод 35 тысяч человек, коллектор отводит сточные воды объектов населения, соцкультбыта и промышленных предприятий Сортировки и нижнего Майкудука. Вместе с тем ведется работа по разработке проектно-сметной документации в части строительства новых уличных сетей водоотведения. Таким образом разработан проект строительства канализационной линии по улице Петрозаводская стоимостью 36,9 млн тенге. Кроме того, в текущем году начаты работы по разработке двух проектов по строительству канализационных сетей в районе Федоровки и Большой Михайловки.

Дастан Мукажанов

Қарағанды қалалық мәслихатында

АЙТЫЛҒАНДАР АЯҚСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Жуарда сегізінші шақырылған Қарағанды қалалық мәслихатының XXXIII сессиясы болып өтті. Оны Қарағанды қалалық мәслихаты төрағасының міндетін атқарушы Төлеген Мұқатайұлы Әшімов ашып, жүргізіп отырды.

Сессияға қала әкімінің орынбасарлары, қаладағы аудандар әкімдерінің орынбасарлары, қаланың қоғамдық кеңес мүшелері, қалалық және екі ауданның ардагерлер кеңесінің төрағалары, арнайы шақырылғандар және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Күн тәртібінде өткен сессияда бекітілген мәселелер қаралды:

Бірінші, Қарағанды қаласы әкімдігінің қаланың кәріз желілеріне қызмет көрсету және жаңа желілер салу жөніндегі ақпараты.

Екінші, Қарағанды қаласы полиция басқармасының 2024 жылы құқық бұзушылықтардың алдын алу және 2025 жылға арналған жоспарлары туралы ақпараты.

Үшінші, қалалық мәслихаттың экономика, бюджет және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының 2024 жылғы қызметі туралы есебін тыңдау.

Төртінші, қалалық мәслихаттың заңдылық және адам құқықтары мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының 2024 жылғы қызметі туралы есебін тыңдау.

Бірінші мәселе бойынша қала әкімінің орынбасары Қайрат Қамзин өзінің ақпараттық баяндамасында сессия өте маңызды мәселені талқылап отырғандығын атап өтті. Өздігінен ағатын және арнайы сорғы арқылы ағызылатын кәріз жүйелерінің жұмысына тоқталды. Олар 2 метр тереңдікке орналастырылады, қуаты 2 мың текше метр болып келеді. Мұз сарайы маңындағы кәріз жүйесінің диаметрі 500 мм болса, одан бөлінетін екі тармақтың диаметрі 400 мм болып келеді. Бұлардың жалпы құны 950 млн. теңге. Қызмет көрсетушілердің тілектері ескеріле келіп, оған құрылыс бөлімі алдағы уақытта түзетулер жүргізуді көздеуде. Бұл жоба бірнеше рет қаралды.

Баяндамашы иесіз желілер туралы қандай жұмыс жүргізіліп жатқаны туралы депутаттар қойған сұраққа бұл мәселенің әрқашан тұрақты назарда екенін айта келіп, қазіргі кезде қаланың құрылыс бөлімі бағалау жөніндегі барлық жұмысты жүргізіп болғандығына, келесі аптадан бастап балансқа беруді бастайтындығына тоқталды. Оларды балансқа қалай берудің тетіктері жасалған, қызмет көрсетуші қаланың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі болып белгіленген.

Қарағанды қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ержан Көкішевтің есебі де тыңдалды. Ол өз сөзінде Қарағанды қаласындағы кәріз желісінің жалпы ұзындығы 730 км болатындығын, «ҚарағандыСу» ЖШС осы ұзындықтың биылғы жылы 146,7 шақырымын ауыстырғанын айтты. Бұл жалпы ұзындықтың 12 пайызы. Келесі жылы 32 көшедегі жалпы құны 2,8 млрд. теңге тұратын 182 шақырым кәріз желісі ауыстырылмақ. Одан кейінгі жылы ауыстырылатын коллекторлардың құны 3,3 млрд. теңге тұрады деп есептелген.

Бұдан соң Қалалық мәслихат тұрақты комиссиясының мүшесі Абылай Ахметбеков қосымша баяндама жасады. Баяндамашылар және аудан әкімдерінің орынбасарлары депутаттардың қойған сұрақтарына жауап беріп, иесіз кәріз желілерін анықтау, есепке алу және қызмет көрсетушінің балансына беру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға тоқталды.

Сесссия жобаларды одан әрі түзету және жүйелерді «Қарағанды Су» ЖШС балансына беру мақсатында «Таугүл», «Күнгей» ықшам аудандарында кәріз жүйелерін салу, қалпына келтіру нысандарына жұмыстар жүргізу, Ермеков, Мичурин көшелерінде инженерлік желілерін қызмет көрсетушілердің балансына беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, «Күнгей» ықшам ауданында кәріз коллекторларын салу үшін жерді иеліктен шығару, Федоровка кентінде, Үлкен Михайловкада, басқа да бірталай көшелерде орам ішілік кәріз жүйелерін салу, №11 кәріз коллекторын салу үшін техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеуге бюджеттен қаражат бөлу, Б.Әшімов ықшам ауданында орам ішілік коллектор салу және басқа да маңызды жұмыстар атқару міндеттелген, қаладағы су бұру жағдайын реттеуге бағытталған шешімдер қабылданды.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша Қарағанды қаласы полиция басқармасы бастығының орынбасары, полиция полковнигі Бауыржан Мұхамеджанов баяндап берді. Өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 23 622-нің орнына 23 978 әкімшілік құқық бұзушылық анықталған (өсім 1,5%). Биылғы жылдың қорытындысында қала бойынша жекелеген тармақтарда оң нәтижелерге жету көзделіп отыр. Оның ішінде есірткі тұтынған есірік жағдайда жасалған қылмысты 100 пайызға, отбасылық-тұрмыстық қылмыстарды 11,1 пайзға, бұрын сотталғандардың жасайтын қылмысын 15,4 пайызға, өтелмеген соттылығы бар адамдар жасайтын қылмысты 24,4 пайызға азайту көзделген.

Қала бойынша 2024 жылы кейбір оң позициялар байқалғанын атап өту керек. Қоғамдық орындарда жасалған құқық бұзушылықтар саны 12,4 пайызға (1418-ден 1242-ге дейін) азайған; көшелерде жеке тұлғаларға қарсы және мүліктік сипатта жасалған құқық бұзушылықтардың тіркелуі: ауыр дене жарақаттарын салу (17-ден 14-ке дейін), бөтеннің мүлкін тонау (29-дан 27-ге дейін), бұзақылық (25-тен 13-ке дейін), бөтеннің мүлкін ұрлау (318-ден 211-ге дейін), авто-мото көлік құралдарын (АМКҚ) ұрлау (30-дан 28-ге дейін) азайтылды.

Нәтижелердің белгілі бір оң динамикасына қарамастан, тұтастай алғанда қызмет көрсету саласында бірқатар кемшіліктер бар. Мәселен: өтелмеген соттылығы бар адамдар жасаған құқық бұзушылықтың саны 69 пайызға өсуі (126-дан 213-ке дейін); көшелерде жасалған құқық бұзушылықтардың 2,2 пайызға өсуі (602-ден 615-ке дейін); Отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтардың 55 пайызға өсуі (31-ден 48-ге дейін); мас күйінде жасалған құқық бұзушылықтардың 19,1 пайызға өсуі (136-дан 162-ге дейін); кәмелетке толмағандар жасаған құқық бұзушылықтардың 86,2 пайызға өсуі (29-дан 54-ке дейін); жол-көлік оқиғасының 115-тен 733-ке дейін (осы оқиға кезінде қаза тапқандар 30-дан 33-ке дейін, зардап шеккендер 116-дан 769-ға дейін) өсуі тіркелген.

Сессия баяндамашыларды тыңдай келіп, тиісті шешім шығарды. Ол шешім бойынша

- Қала аудандарының әкімдері аппараттарымен және үкіметтік емес ұйымдармен бірлесе отырып есепте тұрған адамдармен (оның ішінде кәмелетке жасы толмағандармен) жүйелі жұмыс жүргізу;

- Депутаттардың және Қоғамдық кеңес мүшелерінің қатысуымен жедел алдын алу шаралары (ЖААШ) шегінде ойын-сауық орындарында, рұқсат етілмеген қоқыс төгу орындарында бұзушылықтарды анықтау, жолдардың апаттылығын төмендету, сондай-ақ салықтар бойынша берешегі бар автокөлік құралдарын анықтау үшін рейдтік іс-шараларды ұдайы ұйымдастыру;

- Учаскелік инспекторлар үшін жыл сайынғы негізде олардың біліктілігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына толықтырулар мен өзгерістерді уақытылы түсіндіру үшін қосымша оқыту семинарларын өткізуді ұйымдастыру;

- Жедел басқару орталығымен және «Перспектива» ЖШС-мен бірлесіп, қаладағы барлық бейнебақылау камераларына түгендеу жүргізу, олардың жұмыс істеуін тексеру және жаңа камералар орнату қажеттігін анықтау;

- Киберқылмысқа қарсы күреске бағытталғанкешенді шараларды жүргізу жөніндегі мәселелерді пысықтау;

- Вейптардың заңсыз айналымына қарсы күрес кешенді шаралар жүргізу жөніндегі мәселені пысықтау;

- Орталық полиция бөлімінің қызметтік ғимаратының жарамдылығы туралы құрылыс сараптамасының қорытындысын Қарағанды қалалық мәслихатына тапсыру жүктелді.

Бұған қоса Күнгей ықшам ауданында жаңа тірек бекетін салу мәселесін қарастыру; Жиырма учаскелік тірек бекеттерінде (тізім бойынша) күрделі жөндеу жүргізу мәіселесін қарастыру;

- Мамыраев көшесі 29, Б.Момышұлы көшесі 28 мекен-жайлары бойынша учаскелік тірек бекеттерінде (полиция бөлімшелерінде) ғимаратқа күрделі жөндеу жүргізу;

- Уақытша оңалту орталығы үшін жаңа ғимарат салу;

- Қарағанды қаласының Полиция басқармасына дербес бюджетті қайтару туралы мәселені қарастыру;

- Учаскелік инспекторлардың штатын кеңейту мәселесін қарастыру;

- Оңтүстік-Шығыс бөлімінің жаңа қызметтік ғимаратын салуға қаражат бөлу туралы ҚР ІІМ-не хат жолдау және басқа да мәселелерді жүзеге асыру жөнінде шешім қабылданды.

Міне, өздеріңіз көріп отырғандай, қаралған мәселелердің барлығы да осал емес. Әсіресе, құқық қорғау органдарының жұмысын жетілдурі үшін оларға жағдай жасаудың қажет екендігі әрқашан есте болғаны жөн. Сөйтіп, айтылғандардың аяқсыз қалмайтындығын бүгінгі сессия тағы да бір көрсетті.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес кезекті сессияда Қарағанды қалалық мәслихатының экономика, бюджет және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия төрағасы Денис Дедов пен заңдылық және адам құқықтары мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия төрағасы Равиль Садыковтың 2024 жылы атқарылған жұмыстары туралы есептері тыңдалып, бекітілді.

Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ